

## Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі, Ақжар елді мекенінің шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 339 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 22-170-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 қыркүйекте № 6592-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108 бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің Ақжар елді мекенінің шекараларына Сарыағаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 33,59 гектар жерлерді қосу арқылы, Ақжар ауылдық округінің Ақжар елді мекенінің шекаралары өзгертіліп, жалпы көлемі 370,23 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен Сарыағаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыағаш аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Сарыағаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыағаш аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысы, Сарыағаш ауданының әкімі*  
*Мәслихат төрағасы*

*А. Абдуллаев*  
*С. Таскулов*